

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда № 13418 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 43) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық департаменті (С.М. Өмірбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының	
Білім және ғылым министрі	А.Сәрінжіпов

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген
--	---

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 43) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Қағидалар еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру олардың бейініне, кадрлық әлеуетіне, материалдық-техникалық базасына, ақпараттық ресурстарына сәйкес, сондай-ақ олардың ғылыми-білім беру қызметінің ұлттық және халықаралық танылу көрсеткіштерін ескере отырып, республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібін реттейді.

Бітірушілерге жұмысшы біліктілігінің белгіленген және жоғарылатылған деңгейін беретін техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы конкурстан тыс негізде орналастырылады.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы "Назарбаев зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымдарының мектепке дейінгі ұйымдарын қоспағанда, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан білім беру ұйымдарында орналастырылады.

"Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі - Стандарт) шеңберінде бір балаға есептегенде тәрбиелеу мен оқыту бойынша мектепке дейінгі ұйымның ағымдағы шығындары мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемінде өтеледі.

Жан басына қаржыландырылған кезде мемлекеттік білім беру тапсырысына тапсырыс беруші мектепке дейінгі ұйымда баланың нақты болған уақытына және дәлелді себептермен жоқ болған балаларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған қызметтердің құнын төлейді: баланың ауруы, баланың медициналық, санаториялық-курорттық және өзге де ұйымдарда емделуі және сауықтырылуы, ата-аналарының біреуіне (немесе өзге де заңды өкілдерінің) еңбек демалысының берілуі және баланың жаз уақытында 2 айға дейінгі мерзімде сауықтырылуы.

3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы елдің индустриалдық-инновациялық дамуының, кадрларға салалық және өңірлік қажеттілігінің басымдықтарына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында құрылады және орналастырылады.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы елдің индустриалдық-инновациялық дамуының, кадрларға салалық және өңірлік қажеттілігінің басымдықтарына сәйкес өңірлік жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың ғылыми-педагогикалық кадрларға қажеттілігі ескеріле отырып жоғары оқу орындарында (бұдан әрі - ЖОО) құрылады және орналастырылады.

5. Жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы меншік нысанына қарамастан жоғары оқу орындарында білім беру саласындағы уәкілетті орган өткізетін конкурс нәтижелері бойынша білім беру гранты түрінде орналастырылады.

6. Магистрлер мен философия докторларын (PhD)/бейіні бойынша докторларды, оның ішінде өңірлік жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарға мақсатты даярлау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы меншік нысанына қарамастан базалық жоғары оқу орындарында орналастырылады.

7. Дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы білім беру саласындағы уәкілетті орган өткізетін конкурс нәтижесі бойынша жоғары оқу орындарында орналастырылады.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

8. мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастыру үшін республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармалары, қалалық (аудандық) білім бөлімдері балалар құрамын топтастыруды жүргізеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша балалар құрамын топтастыруда республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармалары, қалалық (аудандық) білім бөлімдері кезек тізімін басшылыққа алады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармалары, қалалық (аудандық) білім бөлімдері конкурс өткізеді.

9. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары меншік нысанына қарамастан "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйым қызметінің үлгілік қағидаларымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің нормалары мен қағидаларын сақтау кезінде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызмет жеткізушілердің тізбесіне енгізіледі.

10. Жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін комиссия жаңа орындарға конкурстық негізде қалыптастырады.

Қатысуға өтініш берген жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар конкурсқа жіберіледі.

Конкурсқа қатысу үшін жекеменшік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары аудандық және қалалық білім бөлімдеріне, облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) білім басқармаларына мынадай құжаттар ұсынады:

1) комиссия төрағасының атына Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы немесе куәлігінің, жарғының, банктен қарызының жоқтығы туралы анықтаманың, салық органдарынан қарызының жоқтығы туралы анықтаманың көшірмесі;

3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары үшін қолданылатын жылжымайтын мүлікке құқықты орнатушы құжаттардың көшірмесі (жекеменшік немесе жалға алу);

4) медициналық кабинетке лицензияның немесе тіркелген жерін ескере отырып емханамен қызметтің көрсетілуіне жасалған шарттың болуының көшірмесі;

5) білім беру органдарының жолдамасымен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша балаларды қабылдау және "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген ата-аналар төлемінің тарифінен аспайтын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша баланы күтіп-бағуға ата-аналар төлемінің мөлшерін белгілеу туралы жеткізушінің міндеттемесі. Жеткізуші Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттеме нысанын толтырады.

11. Жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тарапынан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша орын санына байланысты ұсыныстар саны артқан жағдайда жеткізушілерді комиссия конкурс негізінде таңдап алады.

12. Жеткізушіні конкурс арқылы таңдаудың қосымша өлшемшарттары:

1) жоғары және бірінші санатты тәрбиешілердің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 10%;

2) мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметін ұсыну бойынша тәжірибенің болуы болып табылады.

13. Комиссия отырыс күнінен кейін 3 жұмыс күні ішінде орын саны көрсетілген мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын мектепке дейінгі ұйымдар тізбесіне қосу туралы шешім шығарады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бұрын орналастырылған мектепке дейінгі білім беру ұйымдары конкурсқа қатыспай отырыс хаттамасына кіргізіледі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін орындардың барынша мүмкін саны көрсетілген шешім хаттама түрінде ресімделеді.

Комиссия мынадай шешімдердің біреуін шығарады:

1) жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша тізімге қосу туралы;

2) осы Қағидалардың 10-тармағымен сәйкес болмаған жағдайда жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша тізбеге қосудан бас тарту туралы.

Ашық дауыс беру жолымен комиссия мүшелері дауысының көпшілігімен шешім қабылданды деп есептеледі.

Хаттаманы хатшы ресімдейді, комиссия төрағасы және хатшы қол қояды. Комиссия отырысы ай сайын өткізіледі, егер комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы отырысқа қатысса дұрыс деп есептеледі.

3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

14. Уәкілетті орган және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - ЖАО) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының арасында еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады.

15. Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін техникалық, орта білімнен кейінгі және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады. Комиссия құрамын уәкілетті орган мен ЖАО бекітеді.

16. Уәкілетті орган және ЖАО конкурсты өткізу мерзімін анықтайды.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссияның құрамына салалық мемлекеттік органдардың, мәслихаттар мен әкімдіктердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

17. Комиссия отырысы оның төрағасы бекіткен жоспар бойынша өткізіледі және егер оның мүшелерінің жалпы санының 2/3-інен астамы қатысса, заңды деп есептеледі.

18. Конкурстық өтінімге енетін құжаттарға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымның бірінші басшысының қолы қойылып, елтаңбалы мөрмен расталып уәкілетті орган мен ЖАО-ға ұсынылады.

19. Қатысуға өтініш берген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары конкурсқа қатысуға жіберіледі.

Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға немесе ЖАО-ға мынадай құжаттар топтамасын ұсынады :

1) Комиссия төрағасының атына жазылған Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы немесе куәлігінің, жарғының, банктен анықтаманың, салықорғандарынан қарызының жоқтығы туралы анықтаманың көшірмесі ;

3) жылжымайтын мүлікке құқықты орнатушы (жекеменшік немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы (тікелей басқару) құжаттардың көшірмелері;

4) мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыныс.

20. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі оқу орындарын анықтау кезінде Комиссия мынадай негізгі өлшемшарттарды, сондай-ақ мынадай растайтын ақпаратты басшылыққа алады:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі мамандықтар бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына берілетін лицензияның болуы;

2) басқа қаладан келген білім алушылардың тұруын қамтамасыз етуге арналған жағдайлардың болуы (жатақхананың техникалық паспорты немесе алаңды жалға алғаны туралы шарттың көшірмелері);

3) өндірістік оқыту мен практикадан өту туралы кәсіпорындармен шарттардың болуы;

4) еңбекпен қамтылған және жұмысқа орналасқан бітірушілер үлесі - жалпы бітірушілер санынан кемінде 78 % (бұйрықтардың, жұмысқа орналастыру туралы жеке шарттардың көшірмелері, жұмыспен қамтылудың түрлері бойынша анықтама).

21. Комиссия шешімдері отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданады және ол төраға қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Комиссия құрамының даусы тең болған жағдайда Комиссия төрағасының даусы шешуші болып саналады.

Комиссия шешімінің негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі бекітіледі.

22. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы шешім уәкілетті органдар мен ЖАО-ның интернет-ресурстарында жарияланады.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

23. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жыл сайын құжаттар қабылдау басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей жоғары оқу орындарының арасында конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу туралы шешім Министрдің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен ресімделеді.

24. Конкурс өткізу туралы хабарландыру білім беру саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурстарында жарияланады.

25. Конкурс өткізу үшін құрамы Министрдің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітілетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

Комиссия төрағасы Министр болып табылады. Комиссия білім беру саласындағы уәкілетті органның, басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволардың қызметкерлері, азаматтық қоғам институтының өкілдері, жоғары оқу орындарының басшыларынан құрылады. Комиссия құрамының саны оның төрағасын қоса алғанда тақ болып табылады.

26. Комиссия отырысы оның төрағасы бекіткен жоспар бойынша өткізіледі және егер оның мүшелерінің жалпы санының 2/3-інен астамы қатысса, заңды деп есептеледі.

27. Комиссия шешімдері отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданады және ол төраға қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

28. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысу үшін жоғары оқу орындары білім беру саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттарды қамтитын конкурстық өтінімді ұсынады:

- 1) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы жоғары оқу орнының өтінімін;
- 2) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы жоғары оқу орнының сауалнамасын;
- 3) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы жоғары оқу орнының ақпараттық картасын;
- 4) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы тиісті оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру ұсынысын.

29. Конкурстық өтінімге енетін құжаттарға ұйымның бірінші басшысының қолы қойылып, елтаңбалы мөрмен расталуы және конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген тәртіпте ұсынылуы қажет.

30. Конкурстық өтінім білім беру саласындағы уәкілетті органға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсеткен сағат пен күннен кешіктірілмей жолданады. Конкурстық өтінім беру мерзімі аяқталғаннан кейін түскен конкурстық өтінім кешігу себептеріне қарамастан қаралмайды. Конкурстық өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін оларға қандай да бір өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

31. Комиссия конкурстық өтінімдерді өтінім берілген күнінен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде қарастырады, олардың конкурстық құжаттамалар талаптарына сәйкестік деңгейін анықтайды және оларды бағалауды Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жүргізеді.

32. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына мамандықтар шегінде уәкілетті органның тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеуден өткен жоғары оқу орындары қатысады. Бітірушілерінің жұмысқа орналасуы республикалық орташа көрсеткіштен төмен жоғары оқу орындары конкурсқа қатыса алмайды.

Қазақстан Республикасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуішіне алғашқы рет енгізілген мамандықтарды қоспағанда.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.06.2016 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жоғары оқу орындарын анықтау кезінде Комиссия мынадай негізгі өлшемшарттарды басшылыққа алады:

- 1) Қазақстан Республикасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуішіне алғашқы рет енгізілген мамандықтарды қоспағанда, тиісті мамандық бойынша білім алушылар контингентінің болуы;

- 2) кадрлық қамтылуы және педагогикалық қызметкерінің біліктілік деңгейі ("Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша оның ішінде "Еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атақтары бар

оқытушылар; "Өнер" мамандықтар тобы, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары мен құрметті атақтары бар оқытушылар);

3) оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және өзге де ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуі; материалдық-техникалық қамтамасыз етуі;

4) ЖОО-да жүргізілген ғылыми зерттеулердің ғылыми әлеуеті мен деңгейі;

5) білім алушыларды жатақханамен, қоғамдық тамақтандыру және медициналық қызмет көрсетумен, спорт залмен және жабдықтармен қамтамасыз ету мүмкіндігі;

6) аккредиттелген білім беру бағдарламаларының болуы;

7) бітірушінің жұмыспен қамтылуы және қажеттілігі;

8) ЖОО-лардың халықаралық және/немесе ұлттық рейтингілерге қатысуы;

9) ЖОО-ның спорттық жетістіктері.

34. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін базалық жоғары оқу орындарын анықтау кезінде Комиссия мынадай негізгі өлшемшарттарды басшылыққа алады:

1) ЖОО-лардың халықаралық және/немесе ұлттық рейтингілерге қатысуы;

2) бірлескен ғылыми жобаларды орындау және зерттеу базасын ұсыну туралы аккредиттелген әріптес ғылыми ұйымдармен, оның ішінде шетелдік жасалған шарттардың болуы;

3) ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамынан ғылым докторы/ғылым кандидаты ғылыми дәрежелері және философия докторы (Phd)/бейіні бойынша доктор дәрежесі бар ғылыми жетекшінің болуы;

4) шетелдік әріптес ЖОО-лармен (ғылыми ұйымдармен) бірлесіп, ғылыми-білім беру жобаларын орындау;

5) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүргізу талаптарына сәйкес ғылыми-білім беру процесін кадрлық қамтамасыз ету ("Өнер" мамандықтарының тобы үшін, оның ішінде құрметті атақтары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар оқытушылар);

6) әлемдік ғылыми және білім беру ресурстарына қол жеткізу; жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүргізу талаптарына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

7) аккредиттелген білім беру бағдарламаларының болуы;

8) гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру және басқа да дереккөздер негізінде іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды орындау;

9) халықаралық білім беру және ғылыми жобаларға қатысу;

10) білім алушыларды жатақханамен, қоғамдық тамақтандыру және медициналық қызмет көрсетумен, спорт залмен және жабдықтармен қамтамасыз ету мүмкіндігі;

11) бітірушілердің жұмысқа орналасуы;

12) ЖОО-ның спорттық жетістіктері.

35. Докторантура бітірушілері оқуды аяқтаған және философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін оқуды аяқтағаннан кейін 3 жыл мерзімде алмаған жоғары оқу орындары тиісті мамандық бойынша конкурсқа жіберілмейді.

36. Дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысу үшін жоғары оқу орындары білім беру саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттарды қамтитын конкурстық өтінімді ұсынады:

1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы жоғары оқу орнының өтінімін;

2) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы жоғары оқу орнының сауалнамасын;

3) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру ұсынысын.

37. Дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін жоғары оқу орындарын анықтау кезінде Комиссия мынадай негізгі өлшемшарттарды басшылыққа алады:

1) білім беру процесінің кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі және педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейі; талапкерлерді кешенді тестілеудің барлық пәндері бойынша оқытушылардың болуы;

2) оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және өзге де ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуі;

3) жоғары оқу орнында білім алушыларға жатақханада орынның, қоғамдық тамақтану орнының және медициналық қызмет көрсету орны мен спорт залы мен жабдықтарының жеткілікті болуы.

38. Конкурс жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар бойынша бөлек өткізіледі.

39. Комиссия бағалау негізінде және конкурстық өтінімді салыстыра келе тізбе бойынша шешім қабылдайды:

1) конкурс шарттары бойынша жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыратын жоғары оқу орындары;

2) конкурс шарттары бойынша мамандықтар бөлінісінде, оның ішінде магистрлерді және философия докторларын (PhD)/бейіні бойынша докторларды мақсатты түрде даярлау үшін көлемін көрсете отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыратын базалық жоғары оқу орындары;

3) жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінде тыңдаушыларды оқыту үшін, оның ішінде тілдік дайындық деңгейін арттыру үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындары;

4) конкурс шарттары бойынша мамандықтар бөлінісінде көлемі көрсетіле отырып, жоғары білімі бар педагог кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын педагогикалық жоғары оқу орындары.

Ескерту. 39-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.06.2016 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Конкурстық комиссия жұмысының нәтижелері бойынша Министрдің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен:

1) жоғары білімі бар кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбелері;

2) мамандық бөлінісінде, оның ішінде магистрлерді және философия докторларын (PhD)/бейіні бойынша докторларды мақсатты түрде даярлау үшін көлемін көрсете отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын базалық жоғары оқу орындарының тізбесі;

3) жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінде тыңдаушыларды оқыту үшін, оның ішінде тілдік дайындық деңгейін арттыру үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі бекітіледі.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.06.2016 № 378 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне,
--

мектепке дейінгі тәрбиелеу мен
оқытуға мемлекеттік білім беру
тапсырысын орналастыру
қағидаларына
1-қосымша

Өтініш нысаны

(мектепке дейінгі ұйымның бланкінде толтырылады)

Мемлекеттік білім беру

тапсырысын орналастыру

бойынша комиссия төрағасына

Өтініш

Жаңа орындарға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру

үшін мектепке дейінгі тәрбие және оқу бойынша жеткізушілер тізбесіне

(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

қосуды өтінемін

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы _____

(қолы, Т.А.Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне,

мектепке дейінгі тәрбиелеу мен
оқытуға мемлекеттік білім беру
тапсырысын орналастыру
қағидаларына
2-қосымша

Міндеттеме нысаны

(мектепке дейінгі ұйымның бланкінде толтырылады)

Аудандық білім бөлімінің басшысына

Қалалық білім бөлімінің басшысына

Облыстық білім бөлімінің басшысына

(республикалық маңызы бар қаланың және

астананың)

(басшының Т.А.Ә.)

Жеткізушінің міндеттемесі

Жарлық негізінде қызмет атқаратын _____

(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес ата-ананың ақы төлеу мөлшерінен

аспайтын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша баланы күтуге

ата-ана төлемінің көлемін белгілеу және тек аудандық (қалалық) білім

бөлімінің (басқармасының) жолдамасы бойынша мемлекеттік білім беру

тапсырысы бойынша балаларды қабылдау туралы міндеттерді орындауға

(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

кепілдік етеді.

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы _____

(қолы, Т.А.Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

	Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына 3-қосымша
--	---

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орнының өтінімі нысаны

(техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу

орнының бланкісінде толтырылады)

Конкурс ұйымдастырушыға

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптармен және конкурсты

өткізу шарттарымен танысып,

(оқу орнының атауы)

өтінімге кіретін құжаттарға сәйкес

(мамандықтардың коды, атауы)

мамандықтары бойынша Конкурс ұйымдастырушысы өткізетін конкурсқа қатысады.

Қосымша: конкурсқа қатысу үшін құжаттар ___ бетте.

Ұйым басшысы _____

(қолы, Т.А.Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

	<p>Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына 4-қосымша</p>
--	---

20__ - 20__ оқу жылында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді кадрларды даярлау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған ұсыныстар

(техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу

орнының атауы)

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бойынша

Код	Мамандық атауы	біліктілігі	орын саны	оның ішінде қазақ тілінде оқытатын	9-сынып базасында	11-сынып базасында
1	2	3	4	5	6	7

Ұйым басшысы _____

(қолы, Т.А.Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

	Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына 5-қосымша
--	---

Жоғары оқу орны өтінімінің нысаны

(жоғары оқу орнының бланкісінде толтырылады)

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрлігі

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптарды және конкурсты

өткізу шарттарын зерделей отырып,

(жоғары оқу орнының атауы)

(мамандықтың коды, атауы)

мамандығы бойынша өтінімге енетін құжаттарға, сондай-ақ конкурстың

шарттары мен талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрлігі өткізетін конкурсқа қатысады.

Қосымша: конкурсқа қатысу үшін құжаттар ___ бетте.

Ұйымның басшысы _____

(қолы, Т. А. Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

	Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына 6-қосымша
--	---

Жоғары оқу орнының сауалнамасы

ЖОО-ның толық атауы
ЖОО-ның құрылған жылы
ЖОО-ның құрылтайшысы
ЖОО-ның заңды мекен жайы
ЖОО-ның нақты мекен жайы, телефоны, факс, электронды мекен жайы

ЖОО ректорының Т.А.Ә.

Конкурсқа қатысу үшін жауапты тұлғаның Т.А.Ә., қызметі, байланыс мәліметтері

Ұйымның басшысы _____

(қолы, Т. А. Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына
7-қосымша

Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы

(жоғары оқу орнының атауы)

(мамандықтың коды, атауы)

№	ЖОО туралы жалпы мәліметтер	Көрсеткіштер
1	Ұлттық институционалдық аккредиттеу	
2	ЖОО-ның халықаралық рейтингі (орны, рейтингінің атауы)	
3	ЖОО-ның ұлттық бас рейтингі (орны, рейтингінің атауы)	
4	Білім беру порталының болуы	
5	Интернетке 100 Мб/с кем емес КЖҚ (кең жолақты қолжетімділіктің болуы)	
6	Оқу процесіне пайдаланатын оқу-зертханалық базаның жаңартылуы, теңге/келтірілген контингент	
7	Зерттеу институттарының, ғылыми және мамандандырылған зертханалардың, бизнес-инкубаторлардың, технопарктердің саны	

8.1	ЖОО-да оқу процесі үшін пайдаланылатын спорттық жабдықтардың жалпы пайдалы көлемі, шаршы м.	
8.2	Білім алушылардың жатақханамен қамтылу %-ы	
8.3	Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	
8.4	Білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ оқу ғимараттарында медицина пунктінің болуы	
9.1.	ЖОО-да ағымдағы оқу жылы бюджеттік және бюджеттен тыс түсімдердің жалпы сомасы, теңге	
9.2.	/оның ішінде 1 штаттық ОПҚ-ға (теңгемен)	
10	ЖОО-ның спорттық жетістіктері	
10.1	Халықаралық деңгейде (саны)	
10.2	Республикалық деңгейде (саны)	
10.3	Аймақтық деңгейде (саны)	
	Мамандық бойынша жалпы мәліметтер	
1	Мамандық бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияға қосымша	
2	Халықаралық және/немесе ұлттық мамандандырылған аккредиттеу	
3	Білім беру бағдарламасының ұлттық рейтингі (орны, рейтингінің атауы)	
4	Бітірушілердің жұмысқа орналасуы, жұмысқа орналасқан бітірушілердің %-ы	
5	Білім алушылар контингентінің болуы	
6	Кітапханасында баспа басылымдары форматындағы және электронды форматтағы оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы	
I	Кадрлық қамтылуы және педагогикалық қызметкерінің біліктілік деңгейі	
	Штаттық оқытушылардың жалпы саны:	
	ғылым докторлары	
1.1.	PhD докторлар	
	ғылым кандидаттары	
	магистрлер	
	/оның ішінде мамандығы бойынша (саны)	
	ғылым докторлары	
1.2.	PhD докторлар	
	ғылым кандидаттары	
	магистрлер	
2	ЖОО-да академиялық кезеңнен кем емес мерзімде шарт бойынша жұмыс істейтін шетелдік оқытушылардың саны	
3	жалпы ЖОО бойынша ОПҚ дәрежелілік %-ы	
4	мамандық бойынша ОПҚ дәрежелілік %-ы	
5.1	"Еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атақтары бар оқытушылар саны ("Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша)	

5.2	Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары мен құрметті атақтары бар оқытушылар саны ("Өнер" мамандықтар тобы бойынша)	
II	ОПҚ ғылыми-зерттеу қызметі	
1.	Гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру негізінде іргелі зерттеулер/ қолданбалы зерттеулер бойынша орындалатын ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар/ жобалар саны	
2.1.	ОПҚ орындаған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы көлемі (теңгемен)	
2.2.	/ оның ішінде 1 штаттық ОПҚ-ға (теңгемен)	
3	ОПҚ ғылыми жарияланымдарының саны:	
	- шетелдік рейтингтік журналдарда (Томсон Рейтер (Web of Science, Thomson Reuters) немесе Scopus, Pubmed, zbMath, MathScinet, Agris, Georef, Astrophysical journal; Scopus, JSTORE деректер базасына енетін)	
	- ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда	
	- монографиялар	
	- оқулықтар мен оқу құралдары	
4	- патенттер, алдын ала патенттер, инновациялық патенттер, авторлық куәліктер	
	/оның ішінде 1 штаттық ОПҚ-ға:	
	- шетелдік рейтингтік журналдарда (Томсон Рейтер (Web of Science, Thomson Reuters) немесе Scopus, Pubmed, zbMath, MathScinet, Agris, Georef, Astrophysical journal; Scopus, JSTORE деректер базасына енетін)	
	- ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда	
	- монографиялар	
4	- оқулықтар мен оқу құралдары	
	- патенттер, алдын ала патенттер, инновациялық патенттер, авторлық куәліктер	
III	Корпоративтік әріптестік және халықаралық қызмет	
1	Аккредиттелген шетелдік ЖОО-лармен және ғылыми орталықтармен жасалған келісімдердің, меморандумдардың, шарттардың саны	
2	Бірлескен ғылыми жобаларды орындау және зерттеу базасын ұсыну туралы аккредиттелген әріптес ғылыми ұйымдармен, оның ішінде шетелдік жасалған шарттардың саны	
3	Білім алушылардың оқу, өндірістік тәжірибеден өтуіне шарттардың саны	
4	Жетекші шетелдік ЖОО-мен бірлесіп орындалатын білім және зерттеу жобаларының саны	
5	Әріптес ЖОО-мен бірлесіп іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны	
6	Академиялық алмасу бағдарламаларына соңғы 3 жылда қатысқан білім алушылардың саны	

Жоғарыда келтірілген ақпараттың шынайылығын растаймын.

Ұйымның басшысы _____

(қолы, Т. А. Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

	Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына 8-қосымша
--	---

_____ оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру ұсынысы

(жоғары оқу орнының атауы)

Жоғары білім бойынша

Коды	Мамандықтың атауы	Гранттың жалпы саны	Күндізгі оқу нысаны	Сырттай оқу нысаны
1	2	3	4	5

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша

Коды	Мамандықтың атауы	орын саны
1	2	3

магистрлерді, PhD философия докторларын мақсатты даярлау бойынша

Коды	Мамандықтың атауы	Даярлау жоспарланған ЖОО-ның атауы	орын саны

1	2	3	4

Ұйымның басшысы _____

(қолы, Т. А. Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

	<p>Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына 9-қосымша</p>
--	---

Ақпараттық карталар бойынша ЖОО ранжирлеу әдістемесі

№	ЖОО туралы жалпы мәліметтер	Шартты белгілер	Мәннің түрі
1	Ұлттық институционалдық аккредиттеу (бар/жоқ)*	A ₁	бар/ жоқ
2	ЖОО-ның халықаралық рейтингі (орны, рейтингінің атауы)	A ₂	сан, бүтін, 0-1 000
3	ЖОО-ның ұлттық бас рейтингі (орны, рейтингінің атауы)	A ₃	сан, бүтін, 0-125
4	Білім беру порталының болуы (бар/жоқ)	A ₄	бар/ жоқ
5	Интернетке 100Мб/с кем емес КЖҚ (кең жолақты қолжетімділіктің) болуы (бар/жоқ)	A ₅	бар/ жоқ
6	Оқу процесінде пайдаланылатын оқу-зертханалық базаның жаңартылуы, теңге/келтірілген контингент	A ₆	сан
7	Зерттеу институттарының, ғылыми және мамандандырылған зертханалардың, бизнес-инкубаторлардың, технопарктердің саны	A ₇	сан, бүтін
8.1	ЖОО-да оқу процесі үшін қолданылатын спорттық жабдықтардың жалпы пайдалы көлемі, шаршы м.	A _{8.1}	сан

8.2	Білім алушылардың жатақханамен қамтылу %-ы	A _{8.2}	%
8.3	Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	A _{8.3}	бар/ жоқ
8.4	Білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ оқу ғимараттарында медицина пунктіннің болуы	A _{8.4}	бар/ жоқ
9.1	ЖОО-да ағымдағы оқу жылы бюджеттік және бюджеттен тыс түсімдердің жалпы сомасы, теңге	A _{9.1.}	сан
9.2	/оның ішінде 1 штаттық ОПҚ-ға (теңгемен)	A _{9.2.}	сан
10	ЖОО-ның спорттық жетістіктері	A ₁₀	
10.1	Халықаралық деңгейде (саны)	A _{10.1.}	сан, бүтін
10.2	Республикалық деңгейде (саны)	A _{10.2.}	сан, бүтін
10.3	Аймақтық деңгейде (саны)	A _{10.3.}	сан, бүтін
	Мамандық бойынша жалпы мәліметтер		
1	Мамандық бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияға қосымша (бар/жоқ)	B ₁	бар/ жоқ
2	Халықаралық және/немесе ұлттық мамандандырылған аккредиттеу (бар/жоқ)*	B ₂	бар/ жоқ
3	Білім беру бағдарламасының ұлттық рейтингі (орны, рейтингінің атауы)	B ₃	сан, бүтін, 0-125
4	Бітірушілердің жұмысқа орналасуы, жұмысқа орналасқан бітірушілердің %-ы **	B ₄	%
5	Білім алушылар контингентінің болуы (бар/жоқ)	B ₅	бар/ жоқ
6	Кітапханасында баспа басылымдары форматындағы және электронды форматтағы оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы	B ₆	бар/ жоқ
I	II. Кадрлық қамтылуы және педагогикалық қызметкерінің біліктілік деңгейі	C ₁	
	Штаттық оқытушылардың жалпы саны:	C _{1.1.}	сан, бүтін
	ғылым докторлары	C _{1.1.1.}	сан, бүтін
1.1.	PhD докторлар	C _{1.1.2.}	сан, бүтін
	ғылым кандидаттары	C _{1.1.3.}	сан, бүтін
	магистрлер	C _{1.1.4.}	сан, бүтін
	/оның ішінде мамандығы бойынша (саны)	C _{1.2.}	сан, бүтін
	ғылым докторлары	C _{1.2.1.}	сан, бүтін

1.2.	PhD докторлар	C _{1.2.2.}	сан, бүтін
	ғылым кандидаттары	C _{1.2.3.}	сан, бүтін
	магистрлер	C _{1.2.4.}	сан, бүтін
2	ЖОО-да академиялық кезеңнен кем емес мерзімде шарт бойынша жұмыс істейтін шетелдік оқытушылардың саны	C ₂	сан, бүтін
3	жалпы ЖОО бойынша ОПК дәрежелілік %-ы ***	C ₃	%
4	мамандық бойынша ОПК дәрежелілік %-ы ***	C ₄	%
5.1	"Еңбек сіңірген жаттықтырушысы" спорттық атақтары бар оқытушылар саны ("Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша)	C _{5.1}	сан, бүтін
5.2	Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары мен құрметті атақтары бар оқытушылар саны ("Өнер" мамандықтар тобы бойынша)	C _{5.2}	сан, бүтін
II	ОПК ғылыми-зерттеу қызметі		
1.	Гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру негізінде іргелі зерттеулер/ қолданбалы зерттеулер бойынша орындалатын ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар/ жобалар саны	C _{6.1}	сан, бүтін
2.1.	ОПК орындаған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы көлемі (теңгемен)	C _{6.2.1}	сан
2.2.	/ оның ішінде 1 штаттық ОПК-ға (теңгемен)	C _{6.2.2.}	сан
	ОПК ғылыми жарияланымдарының саны:		
	- шетелдік рейтингтік журналдарда (Томсон Рейтер (Web of Science, Thomson Reuters) немесе Scopus, Pubmed, zbMath, MathScinet, Agris, Georef, Astrophysical journal; Scopus, JSTORE деректер базасына енетін)	C _{6.3.1.}	сан, бүтін
3	- ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда	C _{6.3.2.}	сан, бүтін
	- монографиялар	C _{6.3.3.}	сан, бүтін
	- оқулықтар мен оқу құралдары	C _{6.3.4.}	сан, бүтін
	- патенттер, алдын ала патенттер, инновациялық патенттер, авторлық куәліктер	C _{6.3.5.}	сан, бүтін
	/оның ішінде 1 штаттық ОПК-ға:		
	- шетелдік рейтингтік журналдарда (Томсон Рейтер (Web of Science, Thomson Reuters) немесе Scopus, Pubmed, zbMath, MathScinet, Agris, Georef, Astrophysical journal; Scopus, JSTORE деректер базасына енетін)	C _{6.4.1.}	сан, бүтін
4	- ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда	C _{6.4.2.}	сан, бүтін
	- монографиялар	C _{6.4.3.}	сан, бүтін
	- оқулықтар мен оқу құралдары	C _{6.4.4.}	сан, бүтін

	- патенттер, алдын ала патенттер, инновациялық патенттер, авторлық куәліктер	C _{6.4.5.}	сан, бүтін
III	Корпоративтік әріптестік және халықаралық қызмет		
1	Аккредиттелген шетелдік ЖОО-мен және ғылыми орталықтармен жасалған келісімдердің, меморандумдардың, шарттардың саны	C _{7.1.}	сан, бүтін
2	Бірлескен ғылыми жобаларды орындау және зерттеу базасын ұсыну туралы аккредиттелген әріптес ғылыми ұйымдармен, оның ішінде шетелдік жасалған шарттардың саны	C _{7.2.}	сан, бүтін
3	Білім алушылардың оқу, өндірістік практикадан өтуіне арналған шарттардың саны	C _{7.3.}	сан, бүтін
4	Жетекші шетелдік ЖОО-лармен бірлесіп орындалатын білім беру және зерттеу жобаларының саны	C _{7.4.}	сан, бүтін
5	Әріптес ЖОО-лармен бірлесіп іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны	C _{7.5.}	сан, бүтін
6	Академиялық алмасу бағдарламаларына соңғы 3 жылда қатысқан білім алушылардың саны	C _{7.6.}	сан, бүтін

Ескерту: * тармағы – егер ЖОО "жоқ" көрсетсе, онда конкурсқа қатысушылар қатарынан шығарылады; ** тармағы - бітірушілерінің жұмысқа орналасуы республикалық орташа көрсеткіштен төмен жоғары оқу орындары конкурсқа қатыса алмайды; *** тармағы – ұсынылған мәліметтерден есептеледі.

	Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына 10-қосымша
--	---

Жоғары оқу орны өтінімінің нысаны

(жоғары оқу орнының бланкісінде толтырылады)

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрлігі

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптарды және конкурсты

өткізу шарттарын зерделей отырып,

(жоғары оқу орнының аталуы)

өтінімге енетін құжаттарға, сондай-ақ конкурстың шарттары мен талаптарына сәйкес дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өткізетін конкурсқа қатысады.

Қосымша: конкурсқа қатысу үшін құжаттар ___ бетте.

Ұйымның басшысы _____

(қолы, Т. А. Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына 11-қосымша
--

_____ оқу жылына дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру ұсынысы

(жоғары оқу орнының атауы)

Жоғары оқу орнының атауы	Орын саны
1	2

Ұйымның басшысы _____

(қолы, Т. А. Ә.)

Толтырылған күні

М.О.

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына қосымша
--	---

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізімі:

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушысының 2012 жылғы 4 мамырдағы № 198 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7690 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 13 маусымдағы № 318-319 (27393) санында жарияланған);

2. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2012 жылғы 4 мамырдағы № 198 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 6 наурыздағы № 77 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8387 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 7 тамыздағы № 184 (28123) санында жарияланған);

3. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 4 мамырдағы 198 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 23 тамыздағы № 353 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8733 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 31 қазандағы № 243 (28182) санында жарияланған);

4. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 4 мамырдағы № 198 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 22 шілдедегі № 295 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9701 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 22 қыркүйекте жарияланған).